

Көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 11 наурыздағы N 6202, Өскемен қалалық мәслихатының 2008 жылғы 17 сәуірдегі N 6/12 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 13 мамырда N 5-1-84 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабының 4) және 5) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына сәйкес және Өскемен қалалық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 6 және 13 желтоқсандағы қорытындылары негізінде Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қайта аталсын:

Пролетар көшесі Қабанбай батыр есімімен;

Қазақстан көшесі Михаил Иванович Чистяков есімімен;

Ушанов көшесі Қазақстан көшесіне.

2. "Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі қала бюджетін түзету кезінде көшелерді қайта атауға байланысты жұмыстарды жүргізуге қаражат қарастырсын.

3. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2008 жылғы 31 шілдеге дейін көшелерді қайта атау бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

<i>Өскемен қаласы әкімінің міндетін атқарушы</i>
<i>Сессия төрағасы</i>
<i>Қалалық мәслихат хатшысы</i>